

Кедейлік шегін анықтаудың тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі N 537 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы
№ 676 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 676 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кедейлік шегін анықтаудың тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Білім және ғылым министрліктері Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасын есептеу ережесін әзірлесін және бекітсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.15. N 1249 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ең төменгі күнкөріс деңгейі мен кедейлік шегі туралы мәліметті Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін ұсынсын.

4 . М ы н а л а р :

1) "Халықтың тұрмыс деңгейінің негізгі көрсеткіштерін анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 1150 қаулысы;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 1150 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 қарашадағы N 1175 қаулысы;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 1150 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 мамырдағы N 554 қаулысы күшін жойды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2000 жылғы 8 сәуірдегі
N 537 қаулысымен
бекітілген

Кедейлік шегін анықтаудың тәртібі туралы

Осы Тәртіп "Ең төменгі күнкөріс деңгейі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және кедейліктің шегін анықтаудың тәртібін белгілейді.

1. Негізгі ережелер

1. Кедейліктің шегі - кірістің адамның ең аз қажетін қанағаттандыру үшін қажетті шегі.

2. Кедейліктің шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасына дейін кезең-кезеңмен арттыру қағидатын негізге ала отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейі негізінде белгіленеді және аз қамтамасыз етілген адамдарға мемлекеттік әлеуметтік атаулы көмек көрсету кезінде өлшем ретінде пайдаланылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.15. N 1249 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін ең қажетті азық-түліктік емес тауарлар мен қызмет көрсетулерге арналған шығыстардың белгіленген үлесі ең төменгі тұтыну себеті құнының 40 проценті мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.15. N 1249 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Кедейліктің шегін айқындаудың тәртібі

4. Кедейлік шегінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі экономикалық мүмкіндіктерге қарай, тоқсан сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінен проценттермен белгілейді.

5. Кедейліктің шегін жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейінің тоқсан сайынғы есептері негізінде:

республика бойынша - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

аймақтар бойынша - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті органдары есептейді.

6. Бұқаралық ақпарат құралдарында ең төменгі күнкөріс деңгейі мен кедейліктің шегі туралы мәліметтерді - тоқсан сайын, кедейліктің шегінен де төмен тұратын халықтың үлесі туралы - жыл сайын:

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі - орташа алғанда республика бойынша;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі уәкілетті органдары - аймақтар бойынша жариялап

т ұ р а д ы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК